

## **"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 26 шілде N 458

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Z970131\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссиялар - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың жанынан қоғамдық негізде құрылатын мамандандырылған консультациялық-кеңесші органдар."

2. 5-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссиялардың қызметін ұйымдастыру."

3. 6-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады және ол шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған шаралар кешені болып табылады.";

2) мынадай мазмұндағы 1-1, 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік және аймақтық бағдарламалары мынадай ережелерді қамтиды:

шағын кәсіпкерлік қызметінің басым түрлері;

кәсіпкерлік қызметке халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарын тартуға бағытталған шаралар;

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғаудың инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі шаралар;

шағын кәсіпкерлікке кредит-қаржылық және мүліктік қолдау көрсетіп, оны қорғау жөніндегі шаралар;

шағын кәсіпкерліктің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар;

шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау жөніндегі шаралар;

шағын кәсіпкерлікті қолдауға, дамытуға және қорғауға бағытталған мемлекеттік саясатты іске асыруға байланысты басқа да мәселелер.

1-2. Экономиканың басым салаларын дамытудың өнеркәсіптік (салалық) бағдарламаларында:

саланың негізгі өнеркәсіп орындары инфрақұрылымының объектілері ретінде шағын кәсіпкерлік субъектілері - өнеркәсіп орындарын дамытуды ынталандыру;

операциялардың бір бөлігін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің орындауын көздейтін саланың негізгі кәсіпорындарының өндірістік-технологиялық процестерін әзірлеу;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін - өнеркәсіп орындарын саланың ірі өнеркәсіп орындарына инвестицияланатын қаражат шеңберінде қаржыландыру жөніндегі шаралар көзделеді.";

3) 2-тармақта:

"Ұйымдар" деген сөз "Мүдделі ведомстволар, қоғамдық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және аймақтық" деген сөздердің алдынан ", салалық" деген сөзбен толықтырылсын ;

4) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік және салалық бағдарламаларын іске асыру барысында алынған нәтижелер туралы Қазақстан Республикасы Президентінің алдында жыл қорытындысы бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен есеп беріп отырады."

4. 7-бапта:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарды шағын кәсіпкерлікті дамытуға қатысты мәселелер жөнінде аталған органдардың лауазымды адамдарын тыңдай отырып тексеруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметін шағын кәсіпкерлікті қорғау және мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі заңдарды бұзуға итермелеген себептер мен жағдайларды жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабардар етеді.";

2) 2-тармақтың бірінші абзацындағы "атқарушы органдар" деген сөздерден кейін " шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссиялар

сауда-өнеркәсіп палаталарымен бірлесе отырып." деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Ұйымдар - табиғи монополистер саладағы бәсекені дамыту стратегиясын қалыптастыру ерекшеліктерін ескере отырып, өндіріс саласына шағын кәсіпкерлік субъектілерін интеграциялау мәселелері көзделетін салалық бағдарламалар әзірлейді, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тиімділігі аз ірі өндірістерді олардың негізінде шағын кәсіпорындар құра отырып бөлшектеуді жүзеге асырады."

5. Мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссиялар

1. Қоғамдық-сараптамалық комиссиялар мен сауда-өнеркәсіп палаталары қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары:

осы Заңды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;  
атқарушы өкімет органдарында шешімдер қабылдаған кезде кәсіпкерлердің мүдделеріне өкілдік ету, заңды құқықтарын қорғау және олардың пікірлерін ескеріп отыру;

кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің сындарлы бастамаларын қолдау, экономикалық жағынан дамыған мемлекет құру және Республика азаматтарының әл-ауқатын арттыру ісінде әрбір кәсіпкердің белсенді өмірлік айқындамасын насихаттау;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша қаулылары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын бастамашылықпен әзірлеу және қоғамдық сараптамадан өткізу;

шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөнінде нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу болып табылады.

2. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссияның құрамы қоғамдық бірлестіктердің, сауда-өнеркәсіп палаталарының, шағын бизнес одақтары мен қауымдастықтарының, шағын кәсіпкерлікті қолдау құрылымдарының өкілдерінен, ғалымдардан, жергілікті атқарушы органдар жанындағы кәсіпкерлерден құралады.

3. Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық-сараптамалық комиссиялар туралы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі."

6. 8-бапта:

1-тармақта "Ақмола" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақта:

"Ақмола" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қоғамдық ұйымдар" деген сөздердің алдынан "шағын кәсіпкерлік субъектілерін қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері - өндірушілердің ұсыныстарын қалыптастыру заңдармен белгіленген тәртіппен өтінімдер негізінде жүргізіледі. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен өтінімдер қабылдау конкурс өткізу басталғанға дейін 10 күн бұрын тоқтатылады."

7. 9-бапта

1) 2-тармақтағы "2 проценті" деген сөздер "0,5 проценті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-тармақта "Өндіріспен" деген сөзден кейін "және кадрларды оқытумен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-тармақта:

"Өндірістік қызметпен" деген сөздерден кейін "және кадрларды оқытумен" деген сөздермен толықтырылсын;

"жерді пайдалану (жерді иелену) актісін бергені үшін ақы алмастан және" деген сөздер алып тасталсын;

4) 5-тармақта "Өндіріспен" деген сөз "Өндірістік қызметпен және кадрларды оқытумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 7, 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Сауда-саттық (делдалдық) қызметін қоспағанда, өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін коммуналдық меншіктің пайдаланылмайтын объектілері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімгерлікпен басқаруға немесе жалға беріледі.

8. Шағын кәсіпкерлік субъектілері өздеріне Заңда белгіленген тәртіппен жалға немесе сенім білдірілген басқаруға берілген объектілерге, сауда-саттық (делдалдық) қызметін қоспағанда, оларда көздемеген талаптарды орындаған жағдайда осындай шарт жасалған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін меншік құқығын тегін алады. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалға алу немесе сенімгерлікпен басқару шартының талаптарын орындауын бақылауды аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеттері жүзеге асырады.

9. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне объектілердің меншік иесі құқығының құжаттарын ресімдеу заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі."

8. 13-бап "жөніндегі мемлекеттік," деген сөздерден кейін "салалық" деген сөзбен толықтырылсын.

9. 15-бапта:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері ортақ мүдделерді және әрбір шағын бизнес субъектісінің мүдделерін білдіру мен қорғау, шағын кәсіпкерліктің дамуы үшін мейлінше қолайлы жағдайларды, адал бәсекелестікті қамтамасыз ету мақсатымен

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен салалық, салааралық, аумақтық белгілері бойынша сауда-өнеркәсіп палаталарын, қоғамдық бірлестіктер құруға құқылы.";

2) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтардың кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласу фактілеріне жол бермеу мақсатында:

нормативтік құқықтық актілердің кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне ықпалына тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізуге;

құқық қорғау және бақылау органдарына кәсіпкерлердің құқықтарын бұзуға кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы материалдар енгізуге;

кәсіпкерлікті қорғау саласында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды қамтамасыз етуге;

мемлекеттік органдарға қарау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлікті қолдау және қорғау мәселелері жөніндегі актілерінің орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына себепші болатын себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізуге;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің заңдарда көзделген құқықтары бұзылған жағдайда олардың мүдделерін көздеп талап қоюға, Қазақстан Республикасында көзделген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне қысым жасаған мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне сот органдарына шағымдануға;

заң жобаларын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті әлеуметтік-экономикалық дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмысқа қатысуға құқығы бар.";

3) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының қызметіне кепілдіктер:

мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың лауазымды адамдарының қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының заңды қызметін жүзеге асыруына тікелей немесе жанама түрде кедергі жасауға құқығы жоқ;

мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының өтініштеріне заңдарда белгіленген мерзімде жазбаша жауап қайтаруға міндетті;

кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген не ондай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіруші адамдар

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады;

қауымдастықтардың, сауда-өнеркәсіп палаталарының құқықтарды қорғау жөнінде көрсететін заң қызметтері, қауымдастықтардан, сауда-өнеркәсіп палаталарынан заң көмегін, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілеріне заң көмегін көрсетуге қатысты өзге де ақпарат сұраған кәсіпкерлердің мүдделерін көздеп жасалған іс-әрекеттің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер адвокаттық құпияға теңестіріледі және заңдардың нормаларына сәйкес қорғалуға тиіс.";

4) 4-тармақта "Ақмола" деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын.

10. 16-бап мынадай мазмұндағы 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік бақылау органдарының тексеру жүргізетін қызметкерлері шағын кәсіпкерлік субъектілеріне олар қатаң есептілік бланкілеріне ресімделген арнайы нұсқаманы көрсеткен жағдайда ғана тексеруді жүзеге асыруға міндетті.

5. Мемлекеттік бақылау органдарының қызметкерлері тексеру жүргізген кезде Келушілерді тіркеу кітабына тексерудің жүргізілу фактісі туралы қызметін, тегін, тексерудің мақсаттары мен нәтижелерін көрсетіп белгі соғуға міндетті.

6. Лауазымды адамдардың еркін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік бермеуге әкеп соғатын іс-әрекеттері лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылығына әкеп соғады.

7. Мемлекеттік органдардың не олардың лауазымды адамдарының Қазақстан

Республикасының заңдарына қайшы келетін, кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған нұсқауларын орындау нәтижесінде шағын кәсіпкерлік субъектісіне келтірілген зиянның оның ішінде қолдан шығарып алынған пайданың орынын осы органдар толтыруға тиіс.

8. Мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңға негізделмеген кәсіпкерлік қызметті шектейтін тыйым салуы жарамсыз болып табылады және орындалмауға тиіс."

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК